


**Қарағанды облысы білім басқармасының  
Абай ауданы білім бөлімінің  
«Аққу»бөбекжай» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны**

**Тақырыбы: «Бала өміріндегі би қимылдары».  
«Балапан» мектепалды тобы.**

**Тәрбиешілер: Ескараева.А.К  
Палымбетова.АБ.**

**2025 оқу жылы**

«Аққу» бөбекжай» КМҚК-да консультация пункт жұмысының Ақпан айындағы жұмыс жоспары бойынша «Бала өміріндегі би қимылдары», «Балапан» мектепалды тобының балалары аналарымен би биледі, балаларға бидің маңыздылығы мол екенін түсіндіру.



Би қимылдары баланың физикалық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына оң әсер етеді. Би – тек қозғалыс ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі білдірудің, шығармашылықтың және үйлесімді дамудың бір түрі.

**Би қимылдарының бала өміріндегі маңызы:**

**1. Физикалық даму**

- Қимыл-қозғалысты жақсартады, бұлшықеттерді нығайтады.
- Дене икемділігін, тепе-теңдікті және үйлесімділікті дамытады.
- Дене қалпын (осанка) түзетіп, дұрыс жүру дағдысын қалыптастырады.

**2. Эмоционалдық даму**

- Бала эмоцияларын еркін білдіре алады.
- Көңіл-күйді көтереді, стрессті жеңілдетеді.
- Өзіне деген сенімділікті арттырады.

**3. Шығармашылық және эстетикалық даму**

- Әдемі қимылдауды,

музыканы түсінуді үйретеді.

- Өнерге деген сүйіспеншілікті оятады.
- Өз ойын қимыл арқылы жеткізуге мүмкіндік береді.

**4. Әлеуметтік даму**

- Топта жұмыс істеу қабілетін дамытады.
- Басқалармен қарым-қатынас жасауды үйретеді.
- Ынтымақтастық пен достық қарым-қатынасты нығайтады.

**5. Ақыл-ой дамуы**

- Есте сақтау қабілетін жақсартады (қозғалыстарды есте сақтау арқылы).
- Музыка мен ритмді сезіну қабілетін дамытады.
- Жаңа қимылдарды үйрену арқылы ойлау қабілеті күшейеді.

**Би түрлерінің балаға әсері:**

- Халық билері – ұлттық мәдениетке баулиды.
- Классикалық би (балет) – тәртіпті, әдемі қимылдауды үйретеді.

